

# Ембі ТЫНЫСЫ

№ 17 (33),  
қыркүйек  
2019 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті



## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда болды

Кеше Атырау облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауға жұмыс сапарымен келді.

Сапар аясында Мемлекет басшысы мұнай-газ саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде отын-энергетика кешенінің Қазақстан экономикасында үлкен рөл атқаратынын айтты. Президент мұнай-газ саласын одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтіп, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар-

дың алдына бірқатар нақты міндеттерді қойды.

Кеңейтілген кеңес барысында Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев, «Самұрық-Қазына» ҰҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов, «Лукойл» ААҚ Ресей мұнай-газ компаниясының президенті Вагит Алекперов, сондай-ақ, «Теңізшевройл», «NCOC» және «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компанияларының басшылары баяндама жасады. Түстен кейін Президент Қазақстан мұнай-газ саласының 120 жыл-

дығына арналған салтанатты жиынға қатысты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің терең әрі даңқты тарихы жөнінде айта келіп, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында еліміздің тәуелсіз мұнай-газ индустриясын қалыптастыру үдерісінде қиындықтарға тап болғанын еске салды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің жетістіктеріне қысқаша тоқталды. Соның ішінде, Президент мұнай саласында заманауи технология мен озық тәжірибені меңгерген отандық мамандардың қатары көбейгенін айтты.

Салтанатты рәсім соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ өнеркәсібінің үздік 41 қызметкерін марапаттады. Мемлекет басшысының қолынан үлкен марапат алғандардың қатарында ембіліктер де – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басшысы Амангелді Сүлейменов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ операторы Болат Естлеуов және Орталық басқару аппараты зейнеткері Күләш Жұмағалиева бар.

Мемлекет басшысының мұнайлы өңірге сапары туралы толығырақ материалды газетіміздің келесі санынан оқысыздар. **Е**



## Цифровые проекты принесут «Самрук-Қазына» 40,7 млрд тенге

40,7 млрд тенге в этом году планируют заработать в «Самрук-Қазына» от проектов. Так, во время совета по модернизации, на котором обсуждались вопросы цифровой трансформации компаний, глава фонда Ахметжан Есимов напомнил, о программе трансформации. По его словам, она претерпела значительные изменения.

- Фонд объединил программы трансформации и цифровизации, сделал

таким образом их максимально эффективными. Кроме того, более тщательным стал подход к отбору входящих в нее проектов, которые призваны улучшить бизнес-процессы в компаниях фонда, - говорится в сообщении.

Согласно данным, в 2018 году сумма чистых выгод составила 28 млрд тенге, а в 2019 году ожидаемая чистая выгода от проектов составляет 40,7 млрд.

- В прошлом году у нас были жаркие споры с портфельными компаниями, которые показывали огромные цифры ожидаемых выгод и просили утвердить на эти проекты солидные бюджеты. Нам пришлось их вернуть в реальность, но зато теперь мы знаем, что проекты о которых они сегодня будут докладывать, действительно принесут им прибыль и конкурентные выгоды, - сказал Есимов.

Руководители группы компаний фонда представили свои ключевые проекты Цифровой трансформации: «КазМунайГаз» - переход на увеличенный межремонтный период на НПЗ, «КТЖ» - переход с бумажного оформления перевозочных документов на электронный формат, «Казпочта» - проект «Развитие услуги B2B2C в Казахстане». **E**

## ҚМГ басшысы Маңғыстау өңірінің мұнайшыларын құттықтады

«КазМунайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Маңғыстау облысының мұнайшыларын кәсіби мерекемен және қазақ мұнайының 120 жылдық мерейтойымен құттықтады. Салтанатты іс-шаралар 2019 жылдың 30-31 тамызында Жаңаөзен және Ақтау қалаларында өтті.

- Тәуелсіздік алғалы бері мұнай-газ саласы жаңа кезеңге қадам басып, өндіріс өрге өрледі. Саланы аяққа тұрғызып, ілгері дамытуда Тұңғыш Президенттің орны бөлек. Елбасының қажырлы еңбегі мен саяси жігерінің арқасында еңсемізді тік көтеріп, талай биіктерді бағындырдық. Былтыр Қазақстанда 90 миллион тонна мұнай өндірілді. Жиырма сегіз жылда «қара алтынды» өндіру көлемі 3-тен аса есеге ұлғайды. Бүгінгі таңда еліміз мұнай мен газ өндірісі бо-

йынша дүниежүзінде 13-ші орында тұр. Ең бастысы – мұнайшылардың әл-ауқаты жақсарды. Өткен жылдар мен бүгінгі күннің әлеуметтік-еңбек жағдайын мүлдем салыстыруға болмайды» - деді өз сөзінде Алик Айдарбаев.

Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні жыл сайын қыркүйек айының алғашқы жексенбісінде атап өтіледі. Кәсіби мереке Президенттің Жарлығымен 2003 жылы бекітілген болатын.

Биыл қазақстандық мұнайшылар үшін ерекше жыл. Мұнай-газ саласы 120 жылдық мерейтойын атап өтуде. Естеріңізге салайық, 1899 жылы Атырау облысындағы Қарашұңгіл кен орнында алғашқы мұнай бұрқағы атқылады. Отандық мұнай-газ саласының тарихы сол сәттен бастау алады. **E**

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)



## Тағайындау

## Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары тағайындалды

2019 жылғы 26 тамызда ЕМГ-де кадрлық ауысым орын алды. Компанияның бас кеңсесінде басшылық құрамы мен департамент директорларының қатысуымен өткен жиында «КазМунайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ мұнай-газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры Абат Нұрсейітов Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі жаңа орынбасары Қанатбек Махмұдұлы Қасымғалиевты таныстырды.

- ЕМГ директорлар кеңесінің 2019 жылғы 23 тамыздағы №33 шешімімен Қанатбек Махмұдұлы Қасымғалиев Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Қанатбек Махмұдұлы бұл ұжымға бөтен адам емес. Еңбек жолын Ембі өңірінен бастап, өздеріңізбен қоян-қолтық жұмыс жасап шыңдалған азамат. Шетелде білімін жетілдіріп, бас компанияда қызмет атқарып, тәжірибе жинақтады. Үлкен жауапкершілік жүктеліп, осы лауазымға тағайындалып отыр, - деді Абат Нұрсейітов.

### ҚАСЫМҒАЛИЕВ ҚАНАТБЕК МАХМҰДҰЛЫ

Білімі: И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университеті (мамандығы «Мұнай-газ кен орындарын пайдалану және игеру»).

Еңбек жолын 2001 жылы «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ-нің Қаратон кен



алаңында Терең-Өзек МГӨЦ мұнай-газ өндіру операторы болып бастады. «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ-нің Терең-Өзек МГӨЦ технологі, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірістік-технологиялық қызметі жетекшісінің орынбасары, бас инженері, «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай-газ өндіру бөлімінің басшысы, мұнай-газ өндіру департаментінің директоры, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы, «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіру және игеру жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

2017 жылдың қыркүйек айынан бастап 2018 тамыз айы аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директоры лауазымында еңбек етті. 2018 жылдың тамызынан 2019 жылғы тамыз аралығында «КазМунайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ мұнай-газ өндіру департаментінің директоры лауазымында болды.

Марапаттары: «Ембімұнайгаз» ӨФ Құрмет грамоталары, ҚР Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасы (2012 ж.), «Прорва мұнайына - 50 жыл» төсбелгісі (2013 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ - 95 жыл» мерейтойлық медалі (2017 ж.). **E**



## Ембілік ардагер мұнайшылар ұлықталды

Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде Компанияның Орталық басқару аппараты зейнеткерлері мен бұрынғы басшыларды Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерекелік медалімен марапаттау шарасы өтті.

- Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған мерекелік шаралар легі үстіміздегі жылдың сәуір айында басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Атырау қаласындағы Қ.Қайсенов атындағы орта мектептің оқушыларына «Ашық сабақ» шарасын, ембілік

жас мамандар арасында «Брейн-ринг» интеллектуалды ойынын, «Мұнайшы барысы» атты қазақ күресі сайысын, «Велошеру» шарасын, өндірістік құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері арасында спартакиада ойындарын кезең-кезеңімен ұйымдастырдық. Мұнайшылар арасында өтіп жатқан мерекелік шаралардың біразын біз Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан ардагер-мұнайшыларымыздың құрметіне арнадық. Сіздердің еңбектеріңізді біз әрдайым еске алып, жас мамандарға үлгі тұтамыз. Сіздер қалыптастырған өндірістегі табысты

еңбек күні бүгінде сәтімен жалғасуда, - деді салтанатты жиында ардагерлерді құттықтаған ЕМГ Басқарма төрағасы Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Компания бойынша 2100-ден астам ардагер болса, соның ішінде, 260-сы Орталық басқару аппаратынан зейнеткерлікке шыққан. Ал, ӨҚБ ардагерлеріне басқармалар басшылары мен жас мамандары арнайы үйлеріне барып, мерекелік медальдарын тапсырды.

ЕМГ қоғаммен байланыс қызметі конференция қатысушыларына арнап компанияның, жалпы мұнай-газ саласының тарихынан сыр шертетін фотокөрме ұйымдастырды.

### Мақым Ізбасов, компанияның бұрынғы басшысы:

- Бүгін қазақ мұнайының қарашаңырағы «Ембімұнайгаз» үлкен салтанатты шара өтті. Мұнайшы ардагерлер осы салтанатты жиынға қатысты.

Өткенге көз жүгіртсек, 1899 жылы 7-қарашада №7 ұңғымада 40 метр тереңдіктен тәулігіне 20 тонна мұнай алынып, ол бөшкелер арқылы түйеге артылып тасылды. Содан бері талай кезеңді бастан өткерген Қазақстан бүгінде мұнай-газ саласы қарқынды дамыған ел ретінде дүниежүзіне танылып отыр.

Ембінің барлық ардагерлерін осынау айтулы мерекемен құттықтаймын. Жеткен жетістік болашақта қол жеткізетін табыстың баспалдағы болсын.



### Айман Кенжебаева, ембілік ардагер:

- Қазақстан 120 жыл бойы мұнай өндіріп келеді. Мен Ембідегі қызметімді «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-де геолог болып бастадым. Ембілік геологтардың қатысуымен көптеген ірі кен алаңдары ашылды.

Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» басшылары үлкен жұмыстарды атқарып жатқанын көріп, қуанып отырамыз. Ауқымды шаралардан зейнеткерлерді де ұмыт қалдырмайды. Өлеуметтік көмектерге де көңіліміз толады. Ембілік жұмысшылардың барлығын төл мерекемен құттықтаймын! **Е**



## Марапат мерейді өсіреді

Ел дәулетін еселеп, экономиканың қарыштап дамуына үлес қосып жатқан ембілік мұнайшыларды марапаттау шарасы 2-қыркүйек күні де компания бас кеңсесінің акт залында жалғасын тапты. Басқарма төрағасы Өнуар ЖАҚСЫБЕКОВ кәсіби және мерейлі мерекеге орай мұнайлы астанада ұйымдастырылған шараларды қорытындылай келе, сала мамандарына алғысын білдірді.

- Біз бүгін Қазақстан мұнайының 120 жылдық тойына қатысты бас қосып отырмыз. Осы айтулы оқиғаға орай Компанияда бірнеше салтанатты шаралар өтті. Қазақ мұнайының бастау алған жері – Қарашұңгілде үлкен шара өтіп, ардагерлерімізге құрмет көрсеттік. Бар-

лық басқармаларда құттықтау шарасы өтті. Бүгінгі шара сіздердің еңбектеріңізге берілетін баға — марапаттауға қатысты ұйымдастырылып отыр. Ембі өндірісі табысты болса, ол – алдымен сіздердің еңбектеріңіздің арқасы. Біз мұны жақсы түсінеміз, бағалаймыз, - деп атап өтті ЕМГ басшысы Өнуар Еркінұлы.

Сонымен қатар, компания басшысы кәсіпорынның жеткен жетістіктері туралы баяндады. Айта кетсек, 120 жылдық кезең ішінде қазақстандық мамандар өсіп, қалыптасты. Ембілік мамандар еліміздегі ірі кен алаңдарының ашылуына алғашқылардың бірі болып үлес қосқанын үнемі мақтанышпен айтамыз. Теңіз, Өзен, Манғышлақ, Прорва, Кен-



бай сияқты ембіліктер тапқан ірі кен алаңдары күні бүгінге дейін ел экономикасының дамуында зор үлес қосып отырған кеніштер. Аға буын салған сара жол күні бүгінге дейін жалғасуда. Ғасырдан астам уақыт өнім беріп келе жатқан ембі өндірісін дамыту үшін тың жобалар қолға алынып отыр. Табысымыз да айтарлықтай.

- Ең алдымен, мұнай өндіру көлемін 2 млн 820 мың тоннадан 2 млн 895 мың тоннаға өсіруге қол жеткіздік. Өздеріңіз жақсы білесіздер, Ембі кен алаңдары өнім берудің жоғарғы сатысында. Осыған орай, біздің алдымызда өнім көрсеткішін арттыру мәселесі тұр. Стратегиялық маңызды бағыттарды қарастырамыз. Өндіріске жаңа технологияларды енгізу, жаңа активтерді

алу, кен орындарын толық барлау, жаңа келісімшарттарды алу, шығындарды оңтайландыру, мұнай кәсіпшіліктерінің құрал-жабдықтарын жаңарту, жолдар мен арнаулы техникаларды жөндеу – біздің негізгі мақсатымыз, - деп атап өтті компания басшысы.

Шара барысында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің 120 жылдығына арналған мерекелік төсбелгілері Басқарма төрағасының орынбасарларына, департамент директорларына, қызмет басшыларына және бұдан басқа бір топ маманға табыс етілді.

Сонымен қатар, компанияға қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер жұмысшылары марапатталып, салтанатты жиын концерттік бағдарламаға ұласты. **Е**





## Қазыналы Қарашаңырақ

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ШАРАЛАР АТЫРАУДА ҚОРЫТЫНДАЛЫНДЫ

Биыл еліміз үшін айтулы кезең. Қазақтың кең сахарасында тұңғыш «қара алтын» осыдан жүз жиырма жыл бұрын, яғни, 1899 жылы Атырау өлкесіндегі Қарашұңгіл құрылымындағы №7 ұңғымадан 40 м тереңдіктен алынды. Пайдалану мерізімінде ұңғыдан 5 мың тонна болатын мұнай алынып, Ембі аймағында мұнайдың өнеркәсіптік қоры бар екендігі дәлелденді. Міне, Қазақстанда мұнай-газ саласының тарихы осылай бастау алды. Бүгінгі күні мұнай-газ саласы ел экономикасының күретаымы саналады. Осы айтулы мерекеге орай еліміз бойынша ауқымды шаралар ұйымдастырылып, мерейлі той кең көлемде аталып өтті. Атап айтсақ, бұған дейінгі мерейтолық шаралар Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Ақтөбе, Жаңаөзен, Ақтау қалаларында думандатып ұйымдастырылды. Республикалық шаралар легі 1-қыркүйек күні мұнайлы астана – Атырауда қо-

Шараға жиналғандар қазақ мұнайының тарихы бастау алған Қарашұңгіл жеріндегі қасиетті қорымға арнайы ат басын бұрып, ата-бабаларымыздың рухына дұға бағыштады. Бұдан кейін жиналғандар 1899 жылы қазақ даласындағы тұңғыш мұнай өндірісімен танылған құтты мекен - Қарашұңгіл қорымындағы жаңартылған ескерткіш тұғырдың ашылуына қатысты. Салтанатты шарада сөз алған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков қонақтар мен ардагерлерге ембілік мұнайшылардың ыстық ықыласын жеткізе отырып, Компанияның бүгінгі таңдағы қол жеткізген табыстарына қысқаша тоқталды.

Ғасырдан астам уақыт жер қойнауын игеріп келе жатқан кәрі Ембі өндірісіне екінші тыныс беретін ауқымды шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Кен алаңдарында өндірілетін мұнай көлемін арттыра отырып, қорды ұлғайтуға қол жеткізуге мүмкіндік беретін тың

лесе отырып, еліміздің мұнай-газ кешенінің негізін қалады,-деп атап өтті өз сөзінде «KAZENERGY» Асоциациясы төрағасының орынбасары, Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті директорлар кеңесінің төрағасы Ұзақбай Қарабалин.

- Біз бүгін тарихи маңызы зор шараға куә болып отырмыз. Ембі кеніштері Құлсары, Комсомол, Прорва, Қаратон және еліміздің батысындағы көптеген кен алаңдарының алғашқы ашушыларының және ұлттық мұнай-газ саласының негізін қалаушыларының бірі Сафи Өтебаевтың ескерткіш тақтасының ашылу салтанатына қатысудамыз. Ол келешегі зор шешімдерді дер кезінде қабылдай білуімен ерекшеленді. Ембіліктер атынан Сафи Өтебаевтың туған-туыстарын, ардагер-мұнайшыларды ескерткіш тақтаның ашылу салтанатымен құттықтаймын. Жас мамандар алғашқы мұнайшылар-

дың есімдерін білуімен қатар оларға әрдайым құрмет көрсетулері тиіс,- деді өзінің кіріспе сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков.

Ескерткіш тақтаның ашылуы мен гүл шоқтарын қою рәсімінен соң салтанатты шараға қатысушылар жақында ғана мұнай-газ факультетінде ашылған С.Өтебаев атындағы мұражайда болды.

### ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ ЖАҢА НЫСАН

Бұдан кейін жиналғандар Нұрсая мөлтек ауданындағы Елорда-10 даңғылында орналасқан «КМГ Инжиниринг» ЖШС «Каспиймұнайгаз» филиалының жаңа кеңсесінің ашылу салтанатына қатысты.

Ғимараттың құрылысы 2018 жылдың қыркүйек айында басталған. 4 қабатты ғимарат халық үшін ғылымның қашанда ашық екенін дәлелдейтін ашық кітап нұсқасында салынған. **Е**



рытындыланды. Мерекелік шаралар ҚР Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-ның, KAZENERGY Асоциациясының, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның және Атырау облысындағы ірі мұнай-газ компанияларының қолдауымен ұйымдастырылды.

Атап айтсақ, Қазақ мұнайының бастауы саналатын киелі Қарашұңгілде жаңартылған ескерткіштің ашылуы, елімізге мұнай-газ саласы мамандарын даярлайтын С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде дала төсінен қара алтын дариясын игеріп, ел ырысын еселеп жүрген мұнайшылардың көш басында тұрған тұлғалардың бірі Сафи Өтебаевқа арналған ескерткіштің ашылуы, «Каспиймұнайгаз» ЖШС бас кеңсесінің ашылуы, аталған университетте «Қазақ мұнайы: өткені, бүгіні мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Атырау қаласындағы Исатай-Махамбет орталық алаңында қазақ эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік кеш салтанатты өтті.

### ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ БАСТАУЫ – ҚАРАШҰҢГІЛ

Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шаралар легі Жылыой ауданының аумағындағы Қарашұңгіл жерінде жалғасты. Шараға «Ембімұнайгаз» АҚ мен NCOC компаниясының басшылығы, ардагерлер мен мұнайшылар қатысты.

жобалар батыл қолға алынуда. Ембі өндірісіндегі тың бастамалар өзінің тиімді нәтижелерін көрсетіп жатыр,- деген Әнуар Еркінұлы Компаниядағы табысты жұмыс ұжымның бірлігінің нәтижесі екендігіне баса мән берді.

Шара соңында ардагер-мұнайшыларға құрмет көрсетіліп, мерекелік дастархан жайылды.

### МАЙТАЛМАН МҰНАЙШЫҒА – ЕСКЕРТКІШ

1-қыркүйек күні таңертең Баймұханов көшесі 45А мекен-жайында орналасқан Атырау мұнай-газ университетінде Қазақстанның батысындағы көптеген кен алаңдарының алғашқы ашушысы Сафи Өтебаевтың ескерткіш тақтасы ашылды. Майталман мұнайшының есімі оқу ордасына ағымдағы жылдың ақпан айында берілген болатын. Салтанатты шарада Атырау облысы әкімінің орынбасары А.Крамбаев, «KAZENERGY» Асоциациясы төрағасының орынбасары, Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті директорлар кеңесінің төрағасы Ұ.Қарабалин, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков, С.Өтебаевтың қызы С.Өтебаева және мұнай-газ саласының ардагерлері құттықтау сөз сөйледі.

- Бүгін біз үшін ерекше күн. Біз қазақ мұнай-газ саласының негізін қалаушы – Сафи Өтебаевқа үлкен құрмет көрсету үшін жиналды. Сафи Өтебаев мұнай кеніштерін алғашқы ашушылармен бір-







Бірінші қабатта – әкімшілік-шаруашылық қызметі, 160 орындық акт залы, екінші қабатта – мұнай өндіру бойынша зерттеу жұмыстарының блогы орналасқан. Үшінші қабатта- өндіріс блогының мамандары, геологиялық-геофизикалық, жаңа технологияларды енгізу жұмыстарының жауапты мамандары, төртінші қабатта- университет басшылығы мен жобалау жұмыстарының блогы орналасқан.

Ғимарат аумағында 50 орындық автотұрақ бар. Ғимаратқа көрші АРЕС Petrotecnic колледжі, Назарбаев атындағы зияткерлік мектебі, «Мирас» балабақша және QSI халықаралық мектебі орналасқан. Лента кию рәсімінен соң ғимаратпен танысу шарасы өтті. Университеттің қызметі жөнінде дайындалған деректі фильм көрсетілді.

Айта кетсек, «Каспиймұнайгаз» - мамандандырылған ғылыми-зерттеу институты. 2004 жылдан бері «КМГ ҰК» АҚ компаниялар тобына кіретін мұнай-газ кен алаңдарында барлау, игеруден бастап жобалау мен жарақтандыруға дейінгі ғылыми зерттеу жұмыстарын кешенді жүргізіп келеді. «Каспиймұнайгазда» заманауи қондырғылармен жабдықталған зертханалық ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс жасайды. Бұл жер қойнауын пайдаланушыларға қажетті негізгі зерттеулерді жедел әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Институттың зертханалық бөлімшесінің жетекші бағыттарының бірі - резервуардағы сұйықтықты зерттеу зертханасы. 2014 жылы институт базасында геохимиялық зертхана ашылды, мұнда мұнайдың пайда болу орнын, оның миграциялық жолдарын, көмірсутектердің пайда болуы және газ кен орындары түрінде жинақталуын анықтайтын сұйықтар мен тау жыныстары зерттеледі.

### «ҚАЗАҚ МҰНАЙЫ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ»

Түстен кейін Азаттық-1 даңғылында орналасқан С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің ғимаратында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған «Қазақстан мұнайы: өткені, бүгіні және келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өз жұмысын бастады. Шараны ЕМГ-нің қолдауымен университет ұйымдастырды. Ал, ЕМГ қоғаммен байланыс қызметі конференция қатысушыларына арнап компанияның, жалпы мұнай-газ саласының тарихынан сыр шертетін фотокөрме ұйымдастырды.

Конференция жұмысына Ресей Федерациясынан, Әзербайжан елінен, Башқұрстан, Калмық, Қырғызстан мен Эквадор, Чад республикасынан келген 250-ге тарта делегат пен қазақстандық және халықаралық мұнай-газ компанияларының, ТМД елдерінің, алыс шет елдердің жетекші ғылыми-зерттеу және мұнай техникалық университетінің басшылығы мен жауапты мамандары, ҚР мұнай-газ саласының ардагерлері, студенттер мен БАҚ өкілдері қатысты.

- 120 жыл - Қазақстан мемлекеті үшін айтулы кезең. Қазақстан мұнайының тарихы Ембі кен алаңдарында бастау алды. Мұнда талантты қазақстандық мұнайшылар мен басшылар қалыптасты. Ембілік геологтар еліміздегі Теңіз, Өзен, Маңғышлақ, Прорва, Кенбай сынды ірі кеніштердің ашылуына үлес қосты. Бүгінде «Ембімұнайгаз» - геологиялық барлау, игеру, мұнай-газды өндіріп, дайындаумен айналысып жатқан өркениет көшіндегі отандық компания, - деді ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков пленарлық мәжілісте жасаған



өзінің «Мұнайлы Ембі - кеше, бүгін және келешек» баяндамасында.

Конференция барысында 4 секциядан тұрған мәжіліс өтті. Олар: «Мұнай және газ кен орындарын барлау, бұрғылау және игерудің инновациялық технологиялары», «Көмірсутектерді тасымалдау және өңдеу технологияларының жай-күйі мен даму жолдарын бағалау», «Мұнай-газ саласының экологиялық мәселелері және оларды шешу», «Білім, ғылым және өндіріс интеграциясының болашағы». Бұл жиындарда ЕМГ-де жүзеге асып жатқан «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы, «Дуалды оқыту» бағдарламасы мен геологиялық бағыттағы жұмыстары туралы баяндамалар оқылып, презентациялар таныстырылды.

### ӘСЕМ ӨУЕН, МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ

Кешкілік салтанатты шара М.Өтемісұлы мен И.Тайманов атындағы жаңартылған алаңдағы мұнайлы астананың қонақтары мен тұрғындарына арналған қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен болған Open Air мерекелік концертке ұласты.

Заманауи музыка фестиваліне жиналған жұртшылық Ақылбек Жемей, Тамара Асар, Нұрлан Абдуллин, Абай Бегей, жас жұлдыз Ержан Максим, Райм мен Артур, Мәдина Сәдуақасова, Айқын, Бүркіт пен Аиша, Назима сынды белгілі әншілер мен «МузАРТ» тобының өнерін тамашалады. Мерекелік шара соңы отшашумен қорытындыланды. **Е**





## Ел дәулетін еселеген қайнарлықтар

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай кен алаңында Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен Шығыс Молдабек кен алаңының 20 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Оған Компания басшылығы, ардагер-мұнайшылар, Мұқыр, Сағыз селолық округінің басшылығы және басқарма басшылығы мен ұжымы қатысты.

Салтанатты шараның ашылу рәсімінде сөз алған ЕМГ Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Қайрат ӘДІЛБЕКОВ жиналған көпшілікті айтулы мерекемен құттықтай отырып, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қарасты кен алаңдарындағы өндіріс жаңалықтарына тоқталды.

Компания Ембі өндірісін нығайту мақсатында көптеген жобаларды іске

қосты. Соның бірі Қызылқоға ауданының аумағындағы Тайсойған әскери полигонның бір бөлігі мемлекет тарапынан компанияға берілді. Бұл аумақта орналасқан Шығыс Уаз және Солтүстік Уаз кеніштерінің бес мың алты жүз шақырым аумағында 3Д сейсмикалық барлау жұмыстары жүруде. Ұлттық компания бойынша мұндай ауқымды жұмыстарды бұған дейін бірде-бір компания жүргізген емес. Жаңа кен орындарын ашудың үлкен мүмкіндіктері бар, - деп атап өтті өз сөзінде Компанияның бас геологы.

Салтанатты шарада Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлестері үшін жеке-леген мұнайшылар «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар, табысты еңбектерімен топ жарған сала мамандары және Ембі өндірісінің дамуына зор үлес қосқан бір топ ардагер-мұ-

найшылар Қазақстан мұнайының 120 жылдығы төсбелгісіне ие болды.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да қос мерекеге орай цех аралық спорттың бірнеше түрінен сайыс ұйымдастырған. Аталмыш шара кезінде басқарма басшысының бас инженері Нұрлыбек Мұқанов жеңімпаз цех ұжымдарын спорттағы табыстарымен құттықтап, арнайы дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапаттады.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Шығыс Молдабек кен алаңының игеріле бастағанына биыл 20 жыл толды. Кенбай кен алаңында Солтүстік Қотырмас пен Шығыс Молдабек кеніштері орналасқан. Шығыс Молдабек кен орнында алғаш рет полимерлі суландыру жүйесі енгізілуде. Аталмыш жобаның мақсаты – мұнайды шығару коэффициентін арттыру, сулану деңгейінің тұрақтылығы және мұнай өндіру көлемін арттыру. Бұл кен орнының бор қабаттарында қор 17 млн тоннаны құрайды деген болжам бар. **Е**



## Еңбек ескерусіз қалмады

Еліміздің мұнай-газ саласы үшін биыл ерекше жыл. Осыдан тура 120 жыл бұрын Жылыой ауданының аумағында орналасқан Қарашұңгіл құрылымындағы №7 скважинадан алғашқы мұнай бұрқағы атқылады. Міне, осы кезден бастап қазақ мұнайының тарихы басталды.

Ғасырдан астам қара май деп алғашқы табылған бүгінгі қара алтынымызды өндіруде жергілікті мұнайшылардың ерекше мәртебесі бар. Қарашұңгіл соң Доссор кен орнының 1911 ж. ашылуынан, ал 1915 ж. – Мақаттан әлем Ембі мұнайы туралы білді. 1912 жылы 10 сәуірде шетелдік инвестициялардың көмегімен «Ембі» мұнай өнеркәсібімен акционерлік қоғамы құрылды. Дәл осы

кезеңде Лондон қор биржасы Қазақстанның кен орындарында мұнай өндіруді ынталандыруға арналған акцияларды шығарды.

2018 жылдың соңында 366 мың 430 тонна жоспармен 366 мың 473 тонна іс жүзінде өндірілді, бұл жоспардан 43 тоннаға артық. 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнай өндіру жоспарымен 177 мың 934 тонна, нақты өндірілген – 178 мың 431 тонна, бұл жоспардан 497 тоннаға артық.

Өткен жылдың қорытындылары бойынша өндірістік бұрғылау көлемі едәуір жүзеге асырылды, ұңғымаларды күрделі жөндеу жоспары асыра орындалды. Ұңғымаларды күрделі жөндеу 364 күнді құраса, жоспар 262 күнді құрады.



Міне осы көрсеткіштің бәрі ембілік мұнайшылардың қажырлы еңбегінің арқасында. Үлкен айтулы шара аясында «Ембімұнайгаз» АҚ – нан шыққан зейнеткерлердің барлығына және көп жыл компанияда қажырлы қызмет жасаған жұмысшылар «Қазақстан мұнайына 120 жыл» атты төсбелгілермен марапаттады. Марапат барлық мұнай-газ өндіру басқармаларында салтанатты шара болып өтті. Биылғы жыл «Доссормұнайгаз» МГӨБ үшін қос мерекеге болып тойланды. Қошқар кәсіпшілігіне биыл – 75 жыл толды. Төсбелгімен қатар, компанияның құрмет грамотасы, алғыс хаттарын табыс ету үшін өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасына, «Ембімұнайэнерго» басқармасымен қатар «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не

«Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбеков өзі арнайы барған болатын. Өз сөзінде басқарма төрағасы әр жетістігіміз сонау қиыншылық заманнан жалтармай өтіп, бүгінгі үлкен жетістіктерге бастау болған ардагер-зейнеткерлеріміздің еңбегі екенін атап өтті.

Әр басқарманың бүгінге дейін жетістіктеріне тоқтала келе мерекелік тілегімен жиынды қортындылады.

– Міне бұл толағай табыс қажырлы еңбектің нәтижесі. Сол негізде құрметті ардагерлер сіздердің еңбектеріңіз мол екені белгілі. Міне осы мерекеге орай арнайы жасалынған Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған төсбелгімен барлық зейнеткерлерімізді марапаттап келемін. Дендеріңізге саулық, істеріңізге сәттілік тілеймін!, - деді ол. **Е**





## Мұнайшылар спортқа да бейім



Биыл Қазақстан мұнайына 120 жыл толып отыр. Осыған орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап мерекелік шаралар кезең-кезеңімен өтті. Жуырда мерекелік шаралар легі тағы да екі додамен толықты. Атап айтсақ, «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты алты өндірістік құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері арасында қазақша күрестен «Мұнайшы барысы» турнирі мен велошеру ұйымдастырылды.

### БОЗ КІЛЕМДЕГІ ТАРТЫСТЫ БЕЛДЕСУ

«Мұнайшы барысы» қазақша күресте белдесетін 22 палуан қаз-қатар тізіле ортаға шығып, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков боз кілемде бақтарын сынағалы тұрған мұнайшыларға сәттілік пен жеңіс тілей келе:

- Біз бұл турнирді Ембі өндірісін игеруге алғашқылардың бірі болып ат салысқан, жасампаз еңбектерімен қиындықтарды жеңе білген ардагер-мұнайшылардың құрметіне арнаймыз, деді Компания басшысы.

Одан әрі спортшылар жеребе тарту арқылы өздерінің қарсыластарын анықтап, салмақ мөлшерлерін білісті. Кілем төріне алдымен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қос қызметкері Ерлан Амангелдиев пен Ахметжан Торпақов

қасқыр терілерін иықтарына асына шығып, бір-бірін барлай белдесу нәтижесінде Ерлан Амангелдиев ұпай санымен ұтты. Келесі кездесуде «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ «Терең-Өзек» мұнай және газ өндіру цехының операторы Аманжан Марксов қарсыласы Ботахан кен орнының операторы («Дос-сормұнайгаз» МГӨБ) Болат Ахановты тамаша тәсіл қолдану арқылы таза жеңсе, енді бірінде жылойлық Нұржан Айдаралиев қайнарлық Райымбек Самаявқа есе жіберді.

Бұлардан соң боз кілемге самбодан спорт шебері, ардагерлер арасында өткен Әлем чемпионатында қола медаль иеленген Аян Тайжанов шықты. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-де мұнай дайындау және айдау цехының шебері болып қызмет атқаратын белгілі спортшы қайнарлық әріптесі Дәурен Құлқайыровпен сынасып, Аян өзінен салмақ жағынан едәуір үлкен жұптасын 24 секундта алып ұрды. Әдемі орындалған әдіс көрермендердің делебесін қоздырып, кешен іші қиқу мен қолдауға толды. Олар бұдан кейінгі шыққан әр жұпты бірден топтаса демей кетіп, кілем үстіндегі палуандарды рухтандырып, бойларына жеңіске деген сенімділіктерін нықтай түсті. Осы себепті күрес алаңындағы әр белдесу тартыс пен қызыққа толы күйде жалғасты.

Жеңілгені топтан шығатын әдіспен күрескен жігіттер іріктеле келе ақтық сынға шығу айқасының бірінші жұбында қайнарлық Ерлан Амангелдиев пен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ операторы Мұхаммедрахим Оралбеков күресті. Теке-тіреспен өткен белделдесу нәтижесінде самбодан жастар арасында әлем чемпионы деген атағы бар аққыстаулық Мұхаммедрахим Оралбеков кезінде дзюдодан күресінде талай топ жарған Ерлан Амангелдиевтен ұпай санымен ғана басым болды. Ал, екінші жұпта құлсарылық Жаңабай Мұхтаров пен қайнарлық Аян Тайжанов кездесті. Осыған дейінгі кездесулерінде жасындай жарқыраған жылыойлық жас өрен де спорттан құр алақан емес екен. Бүгінгі күні ол – самбодан спорт шебері. Бабында тұрған балғын жігіт ардагер самбошымен болған сында да тамаша ойын өрнегін көрсетті. Дегенмен өмірлік тәжірибесі мол тарлан спортшы кездесу тізгінін өз қолына алып, бұл бәсекеде жеңімпаз атанды. Осылайша, финалға Аян Тайжанов пен Мұхаммедрахим Оралбеков сынды қос мықты шығып, төреші ысқырығы шалынар-шалынбаста аққыстаулық әлем чемпионы тізесін жарақаттап алды. Осыған орай бабында белдесе алмасын білген ол әрі қарай күресуден бас тартып, Аян Тайжан жеңіс тұғырының жоғарғы сатысына көтеріліп, дүбірлі доданың бас жүлдесін жеңіп алды.

Марапаттау рәсімінде «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Аян Тайжанға 250 мың теңгелік сертификатпен қоса «Мұнайшы барысы» белдігін табыстады. Ал, екінші сатыдан көрінген Мұхаммедрахим Оралбеков 150 мың теңгенің сертификатын иеленсе, үшінші орынды қанжығаларына байлаған Ерлан Амангелдиев пен Жаңабай Мұхтаровтың әрқайсысына 100 мың теңгелік сертификат ұсынылды.




### СЕРГЕКТІК СЫЙЛАҒАН БЕЛОШЕРУ

Мерейтой құрметіне өткізілген жаппай велошеруге «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшенің және орталық басқару аппаратының 150-ден астам қызметкерлері қатысты. Біркелкі ақ жиде киінген велошабандоздар шеруге шығарда «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы сөз алып, ұйымдастырылып отырған велошеру салауатты өмір салтын ұстануды насихаттаумен қатар, ғасырға жуық уақыт бойы еліміздің жарқын болашағы мен дамуы үшін «қара алтынды» тауып өндірген барлық ембілік ардагер мұнайшылардың құрметіне арналатындығын жеткізді.

Төрағаның сөзінен кейін велошеруге қатысқан велосипедшілер «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінің алдынан көмбе сызығын кесіп өтті. Қазақстан Республикасының көк байрағы мен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы мен «Ембімұнайгаз»-дың логотиптері бейнеленген арнайы жаулауын желбіреткен велосипедшілер салтанатты түрде сап түзеп, велошеруді бастап кетті. Олар қаланың Ш.Уәлиханов көшесінен Махамбет даңғылына бойлай өтіп, Баймұханов көшесіне қарай шеру тартты. Бес шақырым қашықтыққа созылған велошеруді ембілік мұнайшылар 20 минуттың ішінде жүріп өтіп, мәреге жетті. Велошерушілерді «Ембімұнайгаз» АҚ ғимаратының алдындағы автотұрақта компания қызметкерлері мен БАҚ өкілдері үлкен қошеметпен қарсы алды.

Қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен сергектік сыйлаған бұл шеру ембіліктер ұйымдастарған салауатты өмір салтын қалыптастыру жолындағы дәстүрлі шараға ұласары хақ. **Е**





## Ботақанда – жаңа футбол алаңы

«Доссормұнайгаз» МГӨБ қарасты Ботақан кен алаңында жаңа спорт алаңын ашылу мерекесіне орай цехтар мен бөлімшелер арасында кіші футболдан жарыс өткізілді. Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған спорт додасына аталған басқарманың кәсіподақ комитеті демеуші болды.

Мұнайшылардың денсаулығын нығайтып, ептілікке, жылдамдылыққа тәрбиелеу, денені шынықтыруға деген қызығушылығын спорттық ойындар арқылы дамыту, достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында ұйымдастырылған кіші футбол жарысына өндірістік басқармаға қарасты цехтар мен бөлімшелерден және «Доссормұнайгаз» өндірісіндегі «Ембімұнайэнерго» басқармасынан сегіз команда қатысты. Атап айтсақ, олар – басқарма аппараты, №1 Ботақан мұнай-газ өндіру цехы, №2 Қарсақ мұнай өндіру цехы, №3 Ш.Мақат мұнай-газ өндіру цехы, №4 Доссор мұнай өндіру цехы, арнаулы техника және автокөлік колоннасы, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехы және «Ембімұнайэнерго» командалары қатысты.

Стандарттық үлгіде 40х50 аумақты алатын жаңа спорт алаңының ашылу салтанатында керілген лентаны қию рәсімі «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кәсіподақ комитетінің төрағасы Самат Мұхамбетов пен «Ботақан» мұнай-газ өндіру цехының бастығы Бейбіт Елемесовке ұсынылды.

Басқарма кәсіподақ комитетінің төрағасы С.Мұхамбетов басқармаға қарасты цехтар мен бөлімшелерге футбол, волейбол ойындарының формаларын табыстап, спортқа керекті бұйымдарды сыйға тартты.

Мұнайшыларға Ботақан мұнай-газ өндіру цехының жер қабаты қысымын сақтау операторы Жасталап Жұмағалиев пен Қарсақ мұнай өндіру цехының химиялық талдау жасау зертханашысы Жанат Өтепова ән шашуын ұсынды.

Екі топқа бөлінген сегіз команда арасындағы ойын қызықты әрі тартысты өтті. Жартылай және ақтық финалға оза шыққан командалар арасынан басқарма аппараты командасы ІІІ орынды жеңіп алды. Қола жүлдегерлерге кубок, дипломдар мен 60 мың теңгенің сертификаты табысталды. Финалдық кездесуде «Ембімұнайэнерго» командасы ІІ орынды иеленіп (кубок, диплом, 80 мың теңгенің сертификаты ұсынылды), арнаулы техника және автокөлік колоннасы командасы жеңімпаз атанды. І-орын иелері 100 мың тенге ақшалай

сыйлықпен, арнайы кубок және дипломмен марапатталды.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік ойыншылар анықталды. «Ең үздік қақпашы» атағын басқарма аппарат командасынан Болатбек Кенжесов иеленді. «Ең үздік шабуылшы» атағы №4 Доссор мұнай өндіру цехы командасынан Марсель Аккушимовке бұйырды. Ал, Ембімұнайэнерго командасынан Бауыржан Нығыметов «Ең үздік қорғаушы» атанды.

Жәнібек Құлғалиев, Ботақан цехы басшысының орынбасары:

- Бүгін біздің цех ұжымы үшін айтулы күн. Осы шараны өткізуге басқармадан бастап кәсіподақ комитеті бар, цех қызметкерлері түгелдей атсалысты. Айта кететін жайт, бұл ойын алаңы басқарма қызметкерлерінің өз күшімен қолда бар материалдармен салынды. Әсіресе, қазіргі жаз мезгілінде жұмысшыларға кешкі бос уақытта футбол ойнап, бос уақытты тиімді пайдалануға үлкен мүмкіндік ашылып отыр.

Каримолла Шыңғысов, арнаулы техника және автокөлік колоннасының бастығы:

Кәсіби мерекеге орай ұйымдастырылған жарыста біздің команда жеңімпаз атанды. Финалдық кездесу 5:2 есебімен аяқталды. Өте қуаныштымыз. «Спорт – халықты біріктіреді» демекші, мұнайшылардың кәсіби өсуіне, өркениеттің дамуына атсалысқан барша азаматтарға цех атынан алғысымды білдіремін.

**Қанат САКУПОВ,**  
**«Доссормұнайгаз»**  
**МГӨБ кәсіподақ комитетінің**  
**спорттық шаралар жөніндегі**  
**ұйымдастырушысы.**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі**

**мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmger.kz

**Редакциялық кеңес:**

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**

«Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.  
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі